



«Бекітілді»
№7 ЖББОМ директоры
А.Ж. Дүстанова
«31» 08 2023 жыл

«Келісілді»
Директордың бастауыш оқу
ісі жөніндегі орынбасары
Г.Б. Боранбаева
« » 2023 ж

Ә/Б отырысында қаралды.
Хаттама №
Әдістемелік бірлесік жетекшісі
А.У. Бралина
« » 2023 жыл

"Ұлттық ойындар" үйірмесі

Үйірме жетекшісі: Аманязов Д.З.

Түсінік хат

Бұл бағдарлама арқылы дене тәрбиесінен оқушылардың денсаулықтарын шынықтыру мен салауатты өмір салтын сақтауларына тәрбиелейді.

Үйірме - бұл сыныптан тыс жұмыстың ең белсенді әрі тиімді формаларының бірі, мұндағы тарау-тақырыптар кеңейіп, тереңдей оқытылады. Онда оқушылардың қимылды ойын туралы теориялық білімдерін практикамен ұштастыра отырып, тереңірек таныстыру, ойын барысында аса ептілікке, ұқыптылыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелей отырып, барлық уақытта да төзімділік қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді. Ұлттық ойындарды орындау техникасының дұрыс негізін қалап, оқушылардың икемділігін арттыру, қимыл сапаларын жетілдіріп, дене құрылысын дұрыс қалыптастыру. Оқушылардың қозғалмалы дағдылары мен қимыл белсенділігін арттыратын жаттығулардың негізінің бірі жылдамдыққа үйрену қасиеттерін жетілдіру болып табылады. Түрлі қимылды ойындардың қыр-сырын терең меңгерте отырып, әртүрлі әдіс-тәсілдеріне машықтандыру. Ұлттық ойындар- жасөспірімдердің дене мәдениетін жетілдіретін және оларды үлкен адамгершілікке, шындыққа баулитын құрал болып табылады. Ұлттық ойындар - шартты мақсаттарды орындауға бағытталған саналы әрекет. Бұл мақсатты оқушылар өз еркімен алдарына қояды. Ал, оны орындау үшін ойын ережесі бойынша ойыншылар шығармашылық қимылды іс - әрекет жасайды. Ұлттық ойындар, дене тәрбиесі сабақтарынан басқа көптеген сынып және сыныптан тыс тәрбиелік жұмыстарды да кеңінен пайдаланады. Ойынды өткізу методикасы мектептердегі дене тәрбиесі бағдарламасындағы "Қимылды ойындар" бөліміне сай жазылған.

Тәрбиелік мәні

Халықтардың ғасырлар бойы жасалған асыл қазыналарының бірі - тамаша тәрбие құралы ойындар. Бұл пікіріміз жалаң болмас үшін, заманымыздың заңғар жазушысы, ұлы ойшылдардың бірі - Мұхтар Әуезовтің мына пікірін еске ала кетейік:

"Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жолында, өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген, көңіл көтеру, шаттану емес, ойынның өзінше бір мағынасы болған".

Балалардың ойын әрекетінде екі өте маңызды объективті факторларының арақатынасы бар: бір жағынан, балалар практикалық әрекетке араласады, денелік жағынан дамиды, дербес әрекет жасауға әдеттенеді, екінші жағынан, бұл әрекеттен моральдық және эстетикалық қанағат алады, өзін қоршаған ортаны танып - білуін тереңдетеді. Мұның бәрі түбінде жалпы алғанда жеке адамның тәрбиеленуіне игілікті әсер етеді. Қорыта айтқанда, ойын - бұл тәрбиенің кешенді құралдарының бірі, яғни жан - жақты денелік даярлығына, ағзаның жетілуіне, ойыншының ой - қабілетінің дамуына бағытталған.

Ойын -эмоционалды әрекет, сондықтан балалармен тәрбиелік жұмыста үлкен бағалы дүние ретінде болады. Көптеген әртүрлі ойындардың ішінде балалардың арасында қимылды ойындар кеңінен тараған. Қимылды ойындар ұжымдық сипатта орын алатындықтан, балаларды ұжымға, бірлікке үйретеді. Ойындар балаларда жолдастық, ынтымақтастық сезімдерді және бір - бірінің ісіне деген жауапкершілігі дамытады. Ұжымдық ойынға қатысу арқылы бала жақсы жағдайда жолдасына доп беру, қолға түкен жолдастарын құтқарып алу сияқты қамқорлық, сыйластық т.б. қасиеттерді бойына қалыптастыруға негіз болады.

Ынтымақтастық және жолдастық сезім ойындар арқылы біртіндеп тәрбиеленеді.

Оқу курсының тақырыптық мазмұны

Аптасына -1 рет Барлығы-34 сағат

1-бөлім. Теориялық білім (2сағат)

Бұл бөлімде оқушы сабақ кезінде қауіпсіздік ережелерін қалай сақтау керектігі және қозғалмалы ойындардың адам өміріндегі маңыздылығы жөнінде теориялық білім алады.

2-бөлім. Жалпы дамытатын элементтері бар ұлттық ойындар (14 сағат)

Оқушының дене бітімін қалыпқа түсіріп, жалпы дамытатын қозғалмалы ойындардың түрлерімен, ережесімен танысып, ережегі сай практика жүзінде ойнайды.

3-бөлім. Қимыл қозғалыс ойындар (10 сағат)

Нысанаға лақтыруға арналған ойын ережелерімен танысып, ойынды ойнауға мүмкіндігі артады. Бұл ойындар ойнау баланың икемділігіне, аяқ-қол бұлшық еттерінің жетіліп дамуына септігін тигізеді.

4-бөлім. Жүгіруі басым ойындар (8 сағат)

Бұл бөлімде жүгіруі басым ойындар алынған. Осы ойындар арқылы баланың логикасы сонымен қатар шапшаңдығы артады. Срнымен қатар ойнап жүріп баламен бала арасындағы достық, ынтымақтастық қарым-қатынасы қалыптасады.

Оқушылардың білім деңгейін бақылау

Балалардың ойын әрекетінде екі өте маңызды объективті факторларының арақатынасы бар: бір жағынан, балалар практикалық әрекетке араласады, денелік жағынан дамиды, дербес әрекет жасауға әдеттенеді, екінші жағынан, бұл әрекеттен моральдық және эстетикалық қанағат алады, өзін қоршаған ортаны танып - білуін тереңдетеді.

- Пәнге қызығушылығын арттыру;
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Дене бітімінің сымбатының дұрыс қалыптасуына жағдай жасау.

Осы кезеңдегі берілетін тапсырмалар түрлері:

1. Жалпы дамытатын элементтері бар ұлттық ойындар
2. Қашықтыққа және нысанаға лақтыруға арналған ойындар
3. Жүгіруі басым ойындар

Үйірме жоспары
Аптасына -1 рет Барлығы- 34 сағат

Р/н	Сабактың тақырыптары	Сағат саны	Күні
I	Теориялық білім	2сағат	
1	Теориялық білім негіздері қауіпсіздік ережелерін сақтау.	1	07.09
2	Ұлттық ойын түрлерімен танысу.	1	14.09
II	Жалпы дамытатын элементтері бар ұлттық ойындар	14сағат	
3	Айгөлек ойыны.	1	27.09
4	Ұшты – ұшты ойыны	1	28.09
5	Дауыста ,атыңды айтамын ойыны	1	05.10
6	Ақшамшық (сақина салу) ойыны	1	12.10
7	Шекемтас ойыны.	2	19.26.10
8	Тоғыз құмалақ ойыны	2	09.16.11
9	Хан талапай ойыны	2	23.30.11
10	Алшы	1	07.12
11	Омпы	1	14.12
12	Шертпек ойыны.	1	21.12
13	Орамал тастау ойыны.	1	28.12
III	Қимыл қозғалыс ойындар	10сағат	
14	Аударыспақ ойыны	1	11.01
15	Жаяу аударыспақ.	1	18.01
16	Соқыр теке ойыны	2	25.01.02
17	Жасырынбақ ойыны.	2	03.15.02
18	Дауыста ,атыңды айтамын ойыны	2	22.29.02
19	Бұрыш ойыны	2	07.14.03
IV	Жүгіруі басым ойындар	8 сағат	
20	Арқан тарту ойыны. Эстафеталық ойындар	1	04.04
21	Арынды арқан ойыны. Эстафеталық ойындар	1	11.04
22	Түйілген орамал ойыны. Эстафеталық ойындар	1	18.04
23	Қап киіп жарысу. Эстафеталық ойындар	2	25.02.05
24	Ғажайып таяқ ойыны.	1	09.05
25	Бес тас ойыны.	2	16.23.05
	Барлығы	34 сағат	

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

1. Дене тәрбиесі - Алматы. «Мектеп» 2004.Ю.Төлеуғалиев. С.Тайжанов.
2. «Мектептегі дене шынықтыру» ғылыми-педагогикалық журналы №4 2020 жыл
3. «Дәулет.kz» ғылыми-педагогикалық журнал №2 .2022 жыл
4. «Спорт жұлдыздар-мен жүздесу» журналы №3-4 .2021жыл
- 5.«Қазақ спорты»республикалық газеті №25 2022 жыл
6. «Валеология дене тәрбиесі спорт» республикалық педагогикалық-әдістемелік журнал№4 .2005жыл, №3-4 .2021 жыл
7. Қуанышов Т.Ш. "Дене тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздері" 1997жыл
8. Ботағариев Т.А.,Кубиев С.С."Денешынықтыру теориясы мен әдістемелік негіздері" 2003жыл
9. Мұхамеджанов Ұ.Ж. "Денешынықтыру пәнін оқыту әдістемесі" Астана 2007жыл

Оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

Оқыту - теориялық, практикалық

Оқыту – практикалық: жаттығулар мен кимылды ойындар жинағы

Оқыту - әдістемелік: курсты үйренуге әдістемелік ұсыныстар

Оқыту – анықтамалық: анықтама жинақтары

Оқыту – көрнекілік: иллюстрациялық суреттер

«Ұлттық ойындар» үйірмесіне қатысатын оқушылар тізімі

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Класс жетекшісі
1	Зейнулла Гұлайым	3 «Б»	Аманиязов Д.З.
2	Қуандық Меруерт		
3	Әскербайқызы Гүлжайна		
4	Мембаева Әмина	3 «А»	Қуанышева Б.Н.
5	Бабатаев Дарын		
6	Қуандық Жұлдызай		
7	Ақылжанов Санжар	4 «А»	Демесинова Г.Ф.
8	Бердіқожаев Асылхан		
9	Сериков Дархан		
10	Баймурзина Аяулым	4 «Ә»	Асанова Г.С
11	Сейтқали Рауан		
12	Базарбай Ершат		
13	Сәбитқызы Аянат	4 «Б»	Жулаева А.А.
14	Балшораз Ибраһим		
15	Утегенов Нұрсерік		

Үйірме жетекшісі:

Аманиязов Д.З.

Үйірменің мақсаты:

- Оқушылардың денсаулығын нығайту;
- Қазақ халқының ұмыт қалған ойынын дәріптеу ;
- Өзін –өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіру себептерін белсенді ету.
- Ұлттық ойындар туралы теориялық білімін практикамен ұштастыру арқылы әдіс-тәсілдерін меңгерту;

Оқыту міндеттері:

- Қазақ халқының ұлттық ойындарының қалыптастыру тарихымен таныстыру ;
- Қазақ халқының бағзы заманнан келе жатқан ұлттық ойындардың бүгінгі оқушылар бойынан табу,
- Ата – бабамыздан мирас болып қалған ұлттық ойындарымызды қайта жаңғырту.

Күтілетін нәтиже:

- Дене шынықтыруды қоршаған айналаны тану әдісі ретінде қабылдау ұғымы қалыптасады
- Техникаларды өз бетінше пайдалануға дағдыланады.
- Дәстүрлі емес тәсілдерін меңгереді.